

ЖАС ҰРПАҚТЫ ОТАНШЫЛДЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Төремұрат Ақбота Ерболқызы

toremuratakбота685@gmail.com

“Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау” білім бағдарламасының 1 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, п.ғ.к. -**Қайыржанова Б.С.**

Махамбет және білім мен отансүйгіштік тәрбие. Осы ұғымдардың өзі бір-біріне арнайы сұранып тұрған түсініктердей әсер қалдырады. Елі мен жерін сүйіп, туған халқының мұңы мен мұқтажын жоқтауға бар ғұмырын арнаған екі тарлан Махамбет пен Исатай екеуі бастаған көтеріліспен одан бұрынғы және кейінгі өмірінің өзі рухтың көрінісі іспетті болса, оған оның өлместей болып әр ұрпақтың есінде жаңғырып тұратын өткір де, отты жырлары осы ұлтжандылық дәстүрдің идеясы мен идеологиясы тәрізді. Яғни бейнелі түрде елжандылықтың тәні мен көрінісі Махамбеттің отты өмірі болса, осының жаны мен ішкі мазмұны оның жалынды жырлары деп тани аламыз. Алды батырлық дастанның кейіпкерлеріне айналған, кейін тарихи жырларға тұлға болып қалған батырлар қаншама. Махамбет те солардың бірі. Қазақ әдебиеті тарихында Шалкиіз бен Ақтамберді, Қазтуған мен Бұхар жырау бастаған ерлікті мадақтап, ел бірлігін жақтаған жорық жыраулары да көп, Махамбет те сондай жорықшы жырау еді. Туған жері мен халқының тамырлы мәселелерін терең түсінген, тап басып аңдаған Махамбет бейнесі кенет жалпылана түседі де, әрқашан қайталанбас айшығымен өзімен-өзі болып қала береді. Негізгі мәселенің өзі осында жатыр. Ендеше Махамбеттің өмірі мен шығармашылығының мәні де осы арқылы ашылып, тереңделіп, жалпылана түседі. Оның көзқарасы мен ұстанымын жырлары аңғартса, оны өзінің өмір жолындағы ісімен дәлелдеді. Ол сөзімен де, ісімен де өзінің отансүйгіштік бейнесін қалдырды.

Елдің еркіндігі мен азаттығы, теңдігі үшін күрескен, қазіргі тәуелсіздігіміздің бастау көздерінің бірінде тұрған жалынды күрескер, от ауызды орақ тілді Махамбет сынды халқымыздың қасиетті шежіресіндегі біртуар азаматтарымыздың рухын еске алып, істерін үлгі тұтып, сөздерінен тағылым алып, есімін қастерлеу – осы арқылы кейінгі ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу, бәрімізге ортақ парыз болуға тиісті. Махамбет Өтемісұлы – еліміздің қаһармандыққа толы тарихында өзіндік бір өшпес із қалдырған сан қырлы талант иесі болуымен қатар, ол өз сөзін ісімен де дәлелдеп өткен, яғни қара домбырасы мен жалаулы найзасын қатар ұстаған әрі ақын, әрі батыр екені белгілі.

Өзінің бар өмірін түгелімен тума талантты қайталанбас шығармашылығымен де, қол бастаған қолбасшылық ержүрек батырлығымен де патриоттық, елжандылық ұстанымдарда өткізген, сол жолда өмірін құрбан етіп, артына осы отансүйгіштік, ұлтжандылық рухтағы мәңгі өлмес жырларын қалдырған Махамбет патриотизмі бір сөзбен айтуға сыймайтын, кеңірек талдауды қажет ететін күрделі мәселе болып табылатыны сөзсіз. Енді сол өршіл де асқақ рухты ықпалды да пәрменді тәрбие құралы ретінде пайдалана отырып, ұрпақ тәрбиесіне пайдаланудың мәні отансүйгіштік рухта енді ғана қайта қалыптастырып келе жатқан еліміздің болашағы үшін өте зор болмақ.

Қазірде жиі айтылатын жастарға терең біліммен қатар «қазақстандық патриотизм», «отансүйгіштік», «ерлік» идеялары ең басты идеологиялық ұстанымға айналып отырғаны белгілі. Бұл, бір жағынан, еліміздің мемлекеттігінің одан әрі ретінде буыны бекіп нығая түсуінің басты шарты болса, екінші жағынан, қазіргі ақпараттық қоғамның алмағайып ғасырындағы ғаламдану үрдісі кезінде Қазақстанның да өз тарихы, мәдениеті, тілі, ғылым мен білімі, экономикалық әлеуеті, идеологиясы арқылы халықаралық қауымдастықтан өзінің қайталанбас бет-бейнесі барлығымен орнын табуы үшін де қажет болып отыр.

Қасиетті Отанын, оның жері мен суын шексіз сүю, өз халқының өнеге дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдің тарихын құрмет тұту, тәлім-тәрбиесін бойына терең сіңіру, елдің мүддесін көздеп, бостандығы мен беделін қорғау, әр азаматтың күш-жігерін, ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулықты баянды етуге жұмсауы деп түсінуге болады. Жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие берудің, қазақстандық патриотизмнің бағдарлы ұстанымдары мемлекеттік идеологиядағы басты басым бағыттардың бірі – қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлініп келеді. Білім мен отансүйгіштік тәрбие беруде ұлттың ұлы тұлғаларының ерекше орын алатындығын айтқанымыз жөн. Яғни, «Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмірі зердесі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени, рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады, содан болу керек қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шыңдауға көбірек мән беріледі», - деген дәлелді пікірлердің маңызы зор. Мұндай пікірді қырғыз елінің философы Г.Б.Құдабаева өз зерттеуінде: «Манас батырдың ерлігі, батырлығы, қарапайымдылығы, т.б. қасиеттері тәрбиелік қызметтерімен айқындалады. Оны жеке тұлғаны отансүйгіштікке тәрбиелеудегі компоненттерін құрайды», - деп тәлім-тәрбиелік маңызын жоғары бағалайды.

Шын мәніне келгенде, Махамбеттің шығармаларының тарихи жылнама немесе тарихи құжат емес, шын мәніндегі поэзиялық өнердің көркем туындысы екенін мойындауға тура келеді. Ал өнерді көркемөнер талаптары тұрғысынан, эстетикалық талғам үдесінен түсіну қажет. Ол болған оқиғалардың шындыққа сәйкестігі тұрғысынан емес, көркемдік талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бағаланады. Өмірдегі хан Жәңгір де, Баймағамбет те қаз қалпында Махамбет суреттегендей емес, Махамбеттің айқын жасаған поэтикалық образдары, қанық бейнелеп сомдаған көркем бейнелері екенін ескеру керек. Оқушыларға Махамбет шығармалары мен өмірін оқытқанда, онда Қазақстан тарихындағы Ішкі Бөкей Ордасындағы XIX ғасырда өткен тарихи оқиғаларды, Исатай мен Махамбеттің басшылығымен болған көтеріліс туралы мәліметтер мен қазақ әдебиетінен, Махамбет шығармашылығынан, ақындық шеберлігінен алған білімдерін байланыстыра қарастырғанда, ең алдымен осы жағын түсіндіре білу керек, көркем туынды өмірдің жай бейнесі емес, өмірдің образды бейнесі екенін оқушы сонда ғана дұрыс түсініп, эстетикалық талғамы қалыптаса бастайды.

Махамбеттің жалынды шығармалары тек жай ақыннан келер жеңіл іс емес, табаны берік, ұстанымы мығым, өжет те қайсар батыр ақын айтар сөз. Және тарихтан білетініміздей оның жырлары тек жай бір айқайлы, мәнді ақыл үйретуші сөз күйінде қалған жоқ, ол сөздерін өзінің ерлік істерімен де сан рет дәлелдеді, оның сөзі мен ісі егіз өріліп бір жерден шықты – бұл да қоғамның қай-қайсысында болмасын сирек кездесетін жағдай екендігін тағы да мойындаған абзал. Міне, Махамбет дәл осындай өжет, ұстанымы да, рухы да берік, биік, асқақ ақын болды. Оның өзі: «Айт десең лебіз қайтарман, халық қайғысын айтуға, хан ұлынан тайсалман» деп бекерге айтпаған.

Махамбет поэзиясы – нағыз халықтық поэзия екені де мойындалған ақиқат. Ол өзінің тұйық жеке сезімін, көкейдегі көңіл күйін жырлаған жоқ. Оның қай тақырыптағы жырлары да халық мүддесімен ұштасып, астасып жатыр. Махамбет – ақындық мақсатын ел мақсатынан бөлмей, бірге ұстай білген азамат ақын. Сол халық қамы үшін атқа да қонып, ақ найзасын өңгерді, білтелі мылтық қолға алды, түн қатып жүрді, жауына қарсы өз қолымен талай жай тартқан ақын өзінің жалынды сөздерін сол садағының жебесімен қатар жұмсады.

Махамбеттің “мен, мен...” деп соққан рухты сөздерінің өзінен қазіргі жастарға толық бойды қаптайтындай намыс пен күшке толы сезімді жетектеуге болады деп нық айта аламыз. Себебі, талай тарландардың бет-жүзін көрген, қан мен қараңғыны да көрген азаматтың көкірек соқты сөздері рух бермей не бермек?

Махамбет – ерліктің символы, өнердегі қасиеттің символы дейміз. Ол әрқашан

ерлікті, батырлықты, асқан намысты жоғары қойды. Өзін ойламаған, өзге жайын – ел қамын ғана ойлаған. Отбасынан баз кешіп, өз рахатынан өзі безіп, ылғи «ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып» жүргендегі мақсат-мүддесі – елінің ертеңі, дәлірек айтқанда, біздің бүгінгі күніміз – азат Қазақ мемлекетінің егемендігі болған. Қазақ әдебиетінің ұлы материгіндегі өзгеше бір сырлы арал болып тұрған Махамбет поэзиясының тақырыбы біреу – майдан. Не үшін болып жатқан майдан? Әлгі айтқанымыз: қазақ елінің елдігі, еркіндігі мен егемендігі үшін болып жатқан ерлік майдан. Махамбет тек осы тақырыпты ғана толғады. Оның барлық өлеңін бір жерге топтағанда, «Жорық жыры» болып шығатындығы тарихи шындықпен үндестігінен деп айтамыз [70, 19].

Яғни Махамбеттің шығармашылығы деп отырған жалынды жырлары мен күйлері оның басынан кешкен халық үшін қатерге басын тіккен майдан, ұрыс кезеңінің жылнамасы іспетті екеніне, осы жолда құрбан болған ерлердің жасаған ерлік істерінің мадақ және жоқтау жырлары екендігіне көз жеткізуге болады. Ендеше, Махамбет жырларының негізгі тақырыбы – ел еркіндігі, оның жырлары патриоттық сарындағы жырлар деп қорытуға толық негіз бар. Оның жырларында да, күйлерінде де ел үшін, жер үшін шайқас, жорық кезіндегі қайсар қылықтарымен өршелене жауға ұмтылған ержүрек ерлердің қимыл-әрекеті, туған елдің тұрмыс-тіршілігі мен арман-мақсаты көркем бейнеленеді. Ақын шығармалары, негізінен, сол кездегі жорық талабы мен ауызша дәстүрге сай көлемі жағынан шағын болып келгенімен, негізгі айтар ойы мен ішкі мазмұнынан ерліктің жоғары рухы, батырлыққа тән қасиеттер анық сезіліп, олар дәстүрлі жыраулық поэзияның айшықты ерекшеліктерімен безендіріле бедерленеді.

Жалпы Махамбет шығармаларында ақынның бейнесі өзінше сомдалған тұлға боп көрінеді. Ақынның күштілігі – өлім аузында жүрсе де қорықпай, жауымен қырқысып, ақыры ел үшін ерлікпен өле білуінде. Жауы қанша қудаласа да, олардың елге жасаған жауыздығын таймастан әшкерелеген Махамбет бейнесіне, өр рухына қашанда тәнтіміз. Махамбет Өтемісұлы – осы мөлдір тұнық бастаулардан сусындап, оны байыта түскен, өткір алдаспанға айналдырған аруақты ақын. Батырлығы ақындығына, ақындығы батырлығына сай қайталанбас қайсар алып тұлға.

«Махамбет өлеңі – қазақ сөзінің қайталанбас құдіреті. Әрбір буыны мен бунағы, тармағы мен шумағы мұншалық тап-таза қорғасыннан құйылған ап-ауыр асыл сөз қазақтан басқа жер бетіндегі ешбір елдің өлең-жырында жоқ. Оның өзге тілге оңай аударылмайтындығы да сондықтан» (З.Қабдолов). Яғни, қазіргі жас ұрпақтың тәлім-тәрбие алу жолында осынау шығармашылықтың тамшы бояу болсын сіңгені абзалырақ. Өйткені, жас баланың санасы аппақ парақ сынды айтылған мен естігенді мезетте ойына да, бойына да жиып өмір бойына соны өнеге қылып өтеді. Ал, Махамбеттің шығармашылығындағы сіндіретін бөлшектер мен құндылықтар шексізге жуып десек қате болмас...

Махамбет шығармаларын оқыту арқылы ашылмаған проблемаларды шым-шымдап болса да ашып, оқушыларды шындыққа жетелеу – негізгі мақсат. Махамбеттің жырлары еш адамды бей-жай, бейтарап қалдырмайды, жүрегіне жігер береді, бойына қайрат бітіреді, күреске үндейді, жеңіске жігерлендіреді, сеніммен алға ұмтылдырады, қайсарлыққа қайрайды, өрлікке үндейді. Батыр ақын жыр-толғауларының осы бір ерекше қасиетін халық сол кезде-ақ, тіпті қастары да мойындаған, бағалаған тәрізді. Оның жырлары дәл осы тұрғыдан келгенде, рухани тәлім-тәрбиенің қуатты құралы ретінде қазір де бағалы.

Махамбет – өз заманының барометрі іспетті, ол елінің жанына батқан жайды өзіне тиген дерттей қабылдайды. Ол халықпен біте қайнасып, сол ортада өсті, оның тұрмыс тіршілігі мен дүниетаным түсінігін жақсы білетін. Сол арқылы да Ордадағы көтерілістің әрі басшысы, әрі жаршысы болды. Сондықтан осы табиғат берген таланты мен осындай қасиеттері арқылы Махамбет жауынгер батырлық пен ерекше сезімтал ақындықтың тізгінін қатар ұстады. Оның сезімталдығы елінің мұң-шерін өз жүрегінен өткізіп, тым жақын қабылдауынан, оған өз көзқарасын білдіріп өз тарапынан үн қоспай тұра алмауынан, қайыспас қайратынан, жаңылмас жігерінен, мұқалмас қайсарлығынан байқалады.

Махамбет шығармашылығы – аса күрделі дүние. Ақынның өткен заман шындығын,

белгілі бір органның мәдени, саяси, әлеуметтік сипатын, ұлттық болмысын, танымын әр алуан көркем образдар арқылы таныта білген поэзиясы жан-жақты зерттелуде. Ұлттық мүддеге негізделген Махамбет шығармаларының поэтикалық өрісін этнопедагогиканың жаңа бағыттарымен арнайы қарастыру – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Белгілі бір уақытқа сай келетін тарихи шындықты, халық өміріне, ұлттық санасына елеулі әсер етер оқиғаларды, қазақтың ұлттық болмысын, дүниетанымын, өршіл рухын, дүниенің ағы мен қарасын (өмір - өлім, қуаныш – қайғы, сенімділік-опасыздық, әділдік-әділетсіздік, дос-жау) т.б. танытуы мен, адам жанын ақиқат, өршіл рух”, елім, жерім” деген ұғымдарда айшықтай түсуімен ерекшеленетін және солардың бәрін көркем бейне, астарлы ой, үстеме мағына негізінде таныта білген.

Махамбетті оқыған адам бұл халықтың жуастығы, намысты қолдан беретіні туралы ойынан қайтатын болар, сірә. Жуас халық «мың өліп, мың рет қайта тіріліп», осынша ұлан байтақ жерді алпауыт империялардың арасында, ғасырлар бойы күресіп, жалаң найзаның күшімен қорғап, қазіргі ұрпағына көздің қарашығындай сақтап қала алар ма еді. Ондай көнбіс халықтан Махамбеттей қайсар ақын туар ма еді, немесе ондай халықтың түсінігінде Махамбет жырлары өрліктің идеалындай асқақтата құрметтелер ме еді, өз басынан кешірген ауыр халдерді сезіне отырып, терең толғап суреттеумен қатар, ол өз кезіндегі тарихи оқиғалармен байланысты туған қалың бұқараның көңіл-күйінде көрсете білді. Махамбеттің негізгі ерекшелігі оның бір сырлы, сегіз қырлылығында. Ақын өлеңдері тек жалаң құрғақ үгіт емес, өлеңдерінде жалынды саяси өткірлік пен терең ой және елге деген сүйіспеншілік, нәзік сезім әрдайым ұштасып, біте қайнасып жатады. Махамбет өлеңдерінде бұл үшеуінің жігін ашып, бөліп алуға болмайды. Осы қасиеті Махамбетті көтеріліс туын көтерген әрі жалынды үгітшісі, әрі ардақты ақыны етті. Осынау беделі барша халықты жаулаған ұлы тұлғаның шығармашылығын жас ұрпақты тәрбиелеу кезеңінде қолданысқа енгізу болашақ ұрпақтың нағыз “қазақ”, нағыз “рухы” тұлға болып жетілетініне күмән келтірмейді деп сенеміз!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қарашин Ө. Тұлғаны тұтастықта қарастырсақ // Ақиқат. – 2003. – №6. – 61-65 бб.
- 2 Құмарғалиұлы Б. Махамбет жырларының көркемдік ерекшелігін таныту // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. – №3. – 32-35 бб.
- 3 Сарай Ә. Сергелдең жылдар. Мұнар да мұнар, мұнар күн // Ақиқат. – 2003. – №2. – 81-88 бб.
- 4 Махамбекқызы Г. Ел қорғаған ер еді... // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2003. – №3. – 49-50 бб.
- 5 Исин А. Махамбеттің «Шайыр» жинағындағы жыры // Абай. – 2002. – №3. – 12-15 бб.
- 6 Негимов С. Ақын, жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы, 1991. – 200 бет
- 7 Жылқышиев Қ. Махамбет – мәңгілік рух // Қазақ әдебиеті. – 2003. – №21
- 8 Жүсіп Қ. Арыстан еді-ау Исатай... Махамбет жырларындағы батыр бейнесі // Егемен Қазақстан. – 2003. – 12 ақпан
- 9 Кекілбаев Ә. «Найзасы жалаулаған батыр еді, лебізі алаулаған ақын еді...» // Атырау. – 2003. – 27 мамыр
- 10 Тәж-Мұрат М. Дулығасыз Махамбет // Қазақ әдебиеті. – 2003. – №9-11